

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
«Эстрадалық вокал» кафедрасының докторанты
Мухсинова Мерует Жақсыбекқызының
«8D02194 – Эстрада өнері» білім беру бағдарламасы бойынша философия
докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазіргі поп-
орындаудағы қазақтың дәстүрлі ән айту техникаларының
модификациясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
ғылыми кеңесшінің

ШҚІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі.

Бұл зерттеу тақырыбының өзектілігі қазіргі музыкалық мәдениет аясында дәстүрлі ән айту техникаларының түрленуі мен бейімделу үдерістерін ғылыми негіздеу қажеттілігімен анықталады. ХХІ ғасырда поп-музыка өз бойына ұлттық орындаушылық дәстүрлер мен әлемдік музыкалық үрдістерді сіңірген, ең серпінді дамып, көпшілік сұранысына ие болып отырған өнер кеңістігінің біріне айналуда. Осы жағдайда қазіргі поп-орындаушылық тәжірибесінде ұлттық вокалдық бірегейлікті және оның көркемдік бейнелеу жолдарын сақтау мәселесі ерекше маңызды. Бұл тақырыптың отандық музыка мәдениеті үшін ерекше ғылыми және тәжірибелік маңызы зор. Қазіргі поп-музыка бағытындағы орындаушылар ұлттық музыкалық мұраға, соның ішінде дыбыс шығарудың дәстүрлі тәсілдеріне, ғасырлар бойы қалыптасып келген интонациялық модельдерге, ою-өрнек техникасына және тембр ерекшеліктеріне деген тұрақты қызығушылықты көрсетеді. Осыған қарамастан, поп-вокалдағы дәстүрлі ән айту әдістерін түрлендіру үдерістері отандық музыкатануда әлі де жеткілікті зерттелмеген, бұл ұсынылып отырған зерттеудің ғылыми жаңалығы мен өзектілігін көрсетеді.

2. Зерттеу нәтижелерінің дәлелділік және нақтылық дәрежесі.

Диссертациялық зерттеу нәтижелерінің дәлелділігі мен нақтылығы жұмыстың жан-жақтылығымен, заманауи музыкатану әдістерін қолданумен, салыстырмалы, тарихи-мәдени, орындаушылық, пәнаралық талдаумен негізделеді. Автор музыкатану, этномузыкатану, мәдениет философиясы, мәдениеттану, фониатрия және танымал музыка теориясы бойынша отандық және халықаралық ғылыми дереккөздердің кең ауқымын пайдаланады. Бұл диссертация қазіргі поп-стилінде орындаудағы қазақтың дәстүрлі ән айту техникаларының модификациясын талдауға арналған кешенді зерттеу. Автор мәселені орындаушылық тәжірибе тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар, кеңірек, мәдени, философиялық және эстетикалық контекст аясында қарастырып, оны жаһандану үдерістерімен, метамодернистік

тенденциялармен және қазіргі музыка мәдениетіндегі ұлттық бірегейлікті іздестірумен байланыстырады.

Диссертацияның құрылымы қисынды және жүйелі дұрыс құрылған. Ол кіріспеден, екі бөлім – алты тараудан, қорытындыдан және әдебиеттер тізімінен тұрады.

«Вокалдық техникаларды зерттеудің концептуалдық негіздері» атты бірінші бөлімде вокалдық техникаларды зерттеудің концептуалдық-әдістемелік негіздері зерттеліп, вокалдық орындаудағы «техника» ұғымы дамуының тарихи-философиялық алғышарттары талданады және модификацияның поп-вокал дамуындағы эволюциялық фактор ретінде ерекшеліктері қарастырылады. Диссертациялық жұмыс ұлттық орындаушылық дәстүрлерді жаңа мәдени контекстте қайта түсіндірудің күрделі көркемдік процесі екенін нанымды түрде көрсетеді.

«Қазақ дәстүрлі вокалдық техникалардың модификациясы: дәстүрлі дыбыстық қалыптасудан қазіргі поп-орындаушылық формаларға дейін» деп аталатын екінші бөлімде ізденуші қазақтың әншілік техникаларының ұлттық үлгілерін жан-жақты талдап, олардың қазіргі поп-вокалдағы түрлену жолдарын айқындайды. Сонымен қатар заманауи вокалдық техникалар арқылы ұлттық болмыстың жаңаша қалыптасу болашағын қарастырады. Диссертант өз бетінше ғылыми талдау жасай білу қабілетін, зерттеудің концептуалдық аппаратын дұрыс пайдаланып, теориялық ұстанымдарды дәлелді түрде құрастыра алатынын көрсетіп, оны нақты музыкалық-теориялық, орындаушылық талдаумен бекітеді.

3. Зерттеу нәтижелерінің теориялық және практикалық маңызы.

Ұсынылып отырған диссертацияның теориялық маңыздылығы оның қазіргі поп-музыка мәдениеті контекстінде дәстүрлі вокалдық әдіс-тәсілдерді модификациялаудың заманауи түсінігін дамытуында жатыр. Зерттеуде «вокалдық техника», «модификация», «поп-вокал», «ұлттық вокал үлгісі» ұғымдары жүйеленіп, нақтыланып, дәстүрлі орындаушылық пен заманауи орындаушылықтың өзара байланысы ашылады.

Метамодернистік эстетика, мәдени жады және ұлттық болмыс аясында қазақтың дәстүрлі вокалдық техникаларының модификациялану үдерістерін зерттеу жұмыстың ғылыми құндылығын дәлелдейді. Докторант өзіндік жұмысын және аналитикалық ойлау қабілетін көрсетіп, қазіргі поп-мәдениетті дәстүрлі мен заманауи, жергілікті және жаһандық арасындағы күрделі өзара әрекеттесу кеңістігі ретінде қарастыруға ұмтылады.

Диссертацияның негізгі құндылығы – оның нақты музыкалық материалдар мен орындаушылық тәжірибесіне сүйенуінде. Дәстүрлі және заманауи вокалдық интерпретацияларды салыстырмалы талдау, тембрлік модельдеу әдістерін пайдалана отырып дәстүрлі интонация мен ою-өрнек элементтерін

қолдану авторға дәстүрлі әншілік мұраны қазіргі поп-орындауға бейімдеу тетіктерін нанымды зерттеуге мүмкіндік береді.

М. Мухсиынова зерттеудің ұғымдық аппаратын жүйелеу мен теориялық пайымдау жұмыстарын аса салматқылықпен жүргізгенін басып айта кеткен жөн. Жоғарыда айтылып кеткендей, зерттеу көпсалалы кең ауқымды отандық және халықаралық дереккөздерге сүйенеді. Жұмыста вокалдық әдістердің модификациялану үдерістері қазіргі заманғы гуманитарлық тәсілдер, соның ішінде мәдени жады, сәйкестілік (идентичность), постколониялық дискурс және метамодернистік эстетика мәселелері аясында зерделенеді.

Бұл жұмыстың тәжірибелік маңыздылығына келетін болсақ, мұнда зерттеу нәтижелерін музыкатану, қазіргі қазақ музыкасының тарихы және эстрадалық вокал пәндерінде, сондай-ақ орындаушылық және педагогикалық тәжірибеде қолдану мүмкіндігінде жатыр. Диссертация материалдарын оқытушылар, ғылыми қызметкерлер, магистранттар мен докторанттар, студенттер оқу, ғылыми және шығармашылық бағыттарда пайдалана алады.

4. Диссертацияның мазмұны мен рәсімделуіндегі кемшіліктер.

Диссертация жоғары ғылыми-теориялық деңгейде жазылған. Дегенмен, зерттеудің кейбір аспектілерін әлі де толығырақ ашып қарастыруға болады. Мысалы:

1. Дәстүрлі әншілік техникалардың заманауи поп-вокалдық техникалармен интеграциясын басқа елдер тәжірибесімен салыстыра зерттеу ғылыми мәселе аясын одан әрі кеңейту арқылы перспективалы болып көрінеді.
2. Поп-вокалдық орындаушылықтағы заманауи үрдістерге қатысты кейбір тұжырымдарды бұдан да кең ауқымды мысалдар мен талдаулармен толықтырып, музыкалық жағын тағы байыта түсуге болар еді.
3. Кейбір жерлерде редакциялағаннан кейін де әлі де аздаған стилистикалық қателер кездесіп жатады.
4. Кейбір рәсімдеу элементтерін, атап айтқанда кестелік материалдың көлемін мәтіннің композициялық тұтастығы тұрғысынан оңтайландыруға болады. Дегенмен бұл айтылған ескертпелер диссертациялық зерттеменің жалпы ғылыми және тәжірибелік маңызын төмендетпейді және тек ұсыныс сипатында беріліп отыр.

5. Докторанттың диссертацияны орындау барысын бағалау.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында ізденуші өзін ғылыми талдау дағдыларын меңгерген, музыкалық-орындаушылық үдерістерді жүйелі ұғынатын, ауқымды теориялық және эмпирикалық материалмен жұмыс істей білетін өзіндік жұмыс істеу қабілеті бар талапкер зерттеуші ретінде танытты. Автор кәсіби дайындығының жоғары деңгейін, пәнге деген қызығушылығын және ғылыми ізденіске деген ұмтылысын көрсетті.

6. Диссертацияның ғылыми біліктілік жұмысына қойылатын талаптарға сәйкестігі.

«Қазіргі поп-орындаудағы қазақтың дәстүрлі ән айту техникаларының модификациясы» атты диссертация өзекті тақырыпта орындалған өзіндік аяқталған ғылыми зерттеме.

Жұмыс ғылыми жаңалығымен, теориялық және практикалық маңыздылығымен, логикалық құрылымымен және оның негізгі ережелері мен тұжырымдарының негізділігімен ерекшеленеді. Диссертациялық зерттеудің негізгі ережелері мен нәтижелері беделді ғылыми басылымдарда көрсетіліп, сынақтан өтті.

Диссертация «8D02194 – Эстрада өнері» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес.

7. Диссертацияны көпшілік алдында қорғауға ұсыну.

«Қазіргі поп-орындаудағы қазақтың дәстүрлі ән айту техникаларының модификациясы» тақырыбындағы диссертацияны көпшілік қорғауға ұсынуға болады және оның авторы «8D02194 – Эстрада өнері» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші:

Өнертану кандидаты,

Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА

**«Эстрадалық вокал» кафедрасының
аға оқытушысы**



З. Касимова

